

Қазақстан Республикасының авариялық-құтқару қызметін құру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 19 наурыз 1993 ж. N 222. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Республика аумағындағы табиғи зілзала, авария және апат кезінде халықты қорғау, ұлттық игілікке келетін нұқсанды азайту және шұғыл құтқару-қалпына келтіру жұмыстарын ұйымдастыруды жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Төтенше жағдайдың алдын алу және іс-әрекет жөніндегі республикалық жүйе шеңберінде Қазақстан Республикасының авариялық-құтқару қызметі құрылсын.

Республикалық авариялық-құтқару қызметінің негізінде аумақтық-салалық принцип алынсын, оның құрамына мыналар енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің өрттен қорғау бөлімшелері ;

министрліктердің, ведомстволардың және кәсіпорындардың мамандандырылған авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру бөлімшелері ;

азаматтық қорғаныстың әскери емес аумақтық және объектілік құрамалары;

азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері;

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шұғыл медициналық көмек құрамалары;

жедел-құтқару отрядтары.

Қазақстан Республикасы авариялық-құтқару қызметінің негізгі міндеттері: төтенше жағдайдың пайда болу және зардаптарын жою кезінде іздестіру, авариялық-құтқару, өртке қарсы және авариялық қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу ;

авария, апат ошақтарында, зілзала аймақтарында барлау жүргізу; халықты төтенше жағдайлардағы іс-қимылға даярлау мен үйретуге қатысу; төтенше жағдайлардың алдын алу, олардың зардаптарынан халықты қорғау және нұқсанды азайту жөніндегі ескерту шараларын әзірлеуге және жүзеге асыруға қатысу болып табылады деп белгіленсін.

2. Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары бір ай мерзімде, олар

құрылған кәсіпорындар мен ұйымдардың меншік нысандарына қарамастан, инженерлік және құтқару командаларын, азаматтық қорғаныстың әскери емес құрамаларын мамандандырылған, оның ішінде әскерилендірілген авариялық-құтқару және авариялық-қалпына келтіру бөлімшелерін құрудың негізін анықтасын, олардың төтенше жағдайдағы іс-әрекетке тұрақты жоғары әзірлігін қамтамасыз етуге шаралар қолдансын. Авариялық-құтқару қызметінің аталған құрамаларының сан құрамы, техникамен және мүлікпен жинақталуы қолданылып жүрген нормативтік талаптарға сәйкестендірілсін.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі және Азаматтық қорғаныс штабы Алматы облысында орналасқан азаматтық қорғаныс полкінің негізінде жеке құрам саны 1 мың адамға дейінгі кең көлемді механикаландырылған жеке азаматтық қорғаныс полкін құрсын. Полк қажетті техникамен, жабдықтармен, инженерлік және құтқару құралдарымен жарақтандырылсын. Азаматтық қорғаныстың механикаландырылған полкі Қарағанды облысында сақталсын, техникамен және жарақтармен толықтырылсын.

Азаматтық қорғаныстың жұмылдырушылық топтары мен әскери бөлімдерінің бейбіт кездегі негізгі міндеттері ірі авариялардың, апаттардың және табиғи зілзалалардың зардаптарын жою деп белгіленсін.

4. 1993 жылғы 1 шілдеге дейін Туризм мен экскурсия жөніндегі Қазақ республикалық кеңесінің Қазақ республикалық бақылау-құтқару қызметі негізінде жол қатынасы қиын аудандар мен аса күрделі объектілерде іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу үшін штат саны 66 адамнан тұратын Республикалық шұғыл құтқару отряды құрылсын.

Алматы облысының және Алматы қаласының әкімдері, Туризм, дене мәдениеті және спорт министрлігі, Қызыл Жарты Ай мен Қызыл Крест Қазақ қоғамының Ұлттық комитеті және республиканың Азаматтық қорғаныс штабы Республикалық жедел-құтқару отрядының қалыптасуы мен орнығуына жәрдемдесетін болсын.

Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Талдықорған және Оңтүстік Қазақстан облыстарының әкімдері облыстардағы азаматтық қорғаныс штабтарының және Қазақ республикалық бақылау-құтқару қызметінің қатысуымен облыс орталықтарында 1993 жылғы 1 шілдеге дейін штат саны 22 адамнан жедел-құтқару отрядтарын құратын болсын.

Жедел-құтқару отрядтары заңды мекеменің барлық хұқықтарын пайдаланатын мамандандырылған дербес ұйымдар болып табылады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 1993 жылы құрамына мамандандырылған орталықтар, тұрақты даярлық бригадалары, дербес

көшпелі госпитальдар, жылжымалы лабораториялар енетін толыққанды шұғыл медициналық көмек қызметін құрып, онда дәрі-дәрмектің, аспаптардың, жабдықтар мен техниканың қол сұғылмайтын запастарын жасасын.

6. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп, хұқық қорғау қызметіне реформа жасаудың әзірленген тұжырымдамасын ескеріп, республиканың авариялық-құтқару қызметінің маңызды бөлігін құрайтын әскерилендірілген өрттен қорғау жүйесін нығайту және жауынгерлігін сақтау жөніндегі шараларды жүзеге асыратын болсын.<*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен.

7. Қазақстан Республикасының Азаматтық қорғаныс штабы:

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіпте жұмысты хауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитетімен, республиканың басқа да мүдделі министрліктермен, ведомстволармен бірлесіп 1993 жылы әлеуеттік хауіпті объектілерді авариялық-құтқару бөлімшелерімен қамтамасыз етудің нормативтерін әзірлесін және оларды орналастыру мен санына түзетулер енгізісін;

мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен үш ай мерзімде қолда бар оқу орындары мен полигондардың негізінде авариялық-құтқару қызметі бөлімшелерінің және оның басқару органдары қызметкерлерінің даярлығы мен біліктілігін арттыруға арналған оқу базасын дамыту мен жетілдірудің кешенді бағдарламасын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссиясына бекітуге ұсынсын.

8. Қазақстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қорғаныс министрлігі төтенше жағдайды болдырмау және оның зардаптарын жою, зардап шеккен халыққа көмек көрсету үшін қажет авариялық-құтқару қызметінің жеке құрамын және арнайы жүктерді бірінші кезекте жеткізуді қамтамасыз етсін.

9. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп министрлігі Ішкі істер министрлігімен және Азаматтық қорғаныс штабымен бірлесіп мемлекет мұқтажын қарастырған кезде авариялық-құтқару және өрт сөндіру техникаларына, жабдықтарға, аспаптар мен жарақтарға қажеттілікті анықтасын және Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің қарауына 1993 жылдан бастап республика аумағында орналасқан машина жасау және қорғаныс кәсіпорындарында оларды шығаруды ұйымдастыру жөнінде ұсыныс енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Еңбек министрлігі:

Республикалық жедел-құтқару отрядына штат саны, оларды ұстауға және авариялық-құтқару техникалары мен жабдықтарын алуға қаржы;

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне шұғыл көмек

қызметін ұстауға қосымша қаржы бөлуді қарастырсын.

11. Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитет республиканың авариялық-құтқару қызметі мен төтенше жағдайлардың зардаптарын жою жөніндегі күш пен құралдарды басқару жүйесінің құрылуы мен қалыптасуына бақылауды жүзеге асырсын. < * >

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері, министрліктер мен ведомстволар Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комиссияның талап етуі бойынша авариялық-құтқару қызметінің бөлімшелері, олардың сан құрамы, жарақтануы және төтенше жағдайдағы іс-әрекетке даярлығы туралы мәліметтер тапсыратын болсын.

ЕСКЕРТУ. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.08.20. N 1031 қаулысымен.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі